



Қаңтар 2023

Баға барометрі

Мазмұны

■	Тәуекелдер мен келешектер	3
■	Әлемдік үрдіс	4
■	Ішкі инфляция	5
■	Қосымша	7


Тәуекелдер мен келешектер

- Тұтыну бағаларының жалпы өсу қарқыны 4 ай бойы бірқалыпты бәсеңдеуде. Бірақ соған қарамастан инфляцияның үдеу қаупі әлі де сақталуда.
- Қаңтар айында инфляция төмендесе де, халықтың «инфляция әлі де үдей түсуі мүмкін» деген күдігінің басылмауы (бұл жыл сайын болатын құбылыс, ақпан айынан бастап әдетте қайта көтеріле бастайды), сондай-ақ базалық инфляциялық қысымның әрі қарай өсуі базалық мөлшерлемені қазіргі деңгейінде қалдыруды және инфляциялық үрдістің беті қайта бастаса да қаршығалық іс-әрекетті жалғастыруды талап ететін факторлар. Біздің есебіміз бойынша базалықтың одан әрі көтерілу ықтималдығы өте төмен. Себебі инфляцияның қазіргі нақты өсімі реттеушінің болжамына толығымен сәйкес келеді.
- Ақылы қызметтер бағасының әртекті серпіні, мемлекеттік ынталандырулардың сақталуы болашақта инфляциялық қысымның төмендеу мүмкіндігін тежел, бағалардың ұзақ уақыт жоғары деңгейде сақталуына ықпал етуі мүмкін.
- Тұтынушылық белсенділіктің аптығы 2022 жылдың соңынан бастап, басыла бастады. Бұған ұзақ уақыт бойы халықтың нақты табыстарының қысқаруы және тұтыну бағаларының қымбаттауы себеп болды.
- Енді суына бастаған сол белсенділік инфляциялық қысымның да суынуына септігін тигізеді.

- Біздің болжам бойынша инфляция жылдық тұрғыда 2023 жылдың алғашқы тоқсанында үдей түсіп, 21.0-22.0%-ға жетеді. Кейін өсуге түрткі болатын ішкі және сыртқы қозғаушы күштердің жоқтығынан бағалар біртіндеп төмендей бастайды.
- 2023 жылдың ақпанына арналған болашақ «Баға барометрінде» бағалардың болашақ өсу серпінінің қайта қаралған болжамдық мәні ұсынылатын болады.
- Jusan Analytics жаңартылған болжамында инфляциялық ортаның жақсаруының тұрақты белгілері қамтылады.

Тұтынушылық бағалардың өсуі бойынша Jusan Analytics болжамы

(жылдық есепте, %-бен)



Әлемдік үрдіс

Ғаламдық инфляциялық қысым біртіндеп төмендеуде. Ғаламдық баға жағдаятының келешегі үшін жағымды нышандар ретінде кәсіпкерлердің іскерлік сенімділігін және жиынтық ұсыныс тарапында да жағдайдың жақсара бастағандығын атап өтуге болады. Алайда экономикасы қалпына келіп жатқан Қытай тарапынан жиналып қалған сұраныстың артуы ғаламдық экономиканың да әлемдік инфляцияның да өсуіне әкеп соғуы мүмкін.


J.P. Morgan Global Composite PMI деректеріне сәйкес **әлемдік экономикалық белсенділік 2022 жылдың соңымен салыстырғанда жақсарды.** Индекстің мәні 49.8 балға жетті. «Жасыл аймаққа» жетуге азғантай қалды. Еуропа мен Қытайда қызмет көрсету секторының дамуы іскерлік белсенділіктің өсу факторына айналды. Сонымен бірге Қытайдың өндірістік сегменті есебінен өндіріс және шикізат пен тауарлар қорлары көлемінің индикаторы да жақсарды.

FAO Бағалар индексі төмендеуде. Индекстің орташа мәні 131.2 пунктке дейін түсті. Бұл төмендеу май, сүт өнімдері және қант бағалары индексінің қысқаруы себебінен орын алды.

ЕО-да тұтыну бағаларының төмендеуі жалғасып жатыр. 2023 жылдың қаңтарының қорытындысы бойынша еуро аймағында инфляция 8.5%-ға дейін төмендеді. Инфляциялық қысымның әлсіреуі біршама тұрақты жүруде. Алайда базалық инфляция көрсеткіші 5.2% болатын максимум деңгейінде сақталады.

2 график. Жеткізілім тізбегіндегі қысым индексі

(орташадан стандартты ауытқулар саны)



Дереккөз: www.newyorkfed.org

Еуропа Орталық банкінің соңғы болжамына сәйкес инфляция 2023 жылы 7.0%-ды құрайды (бұдан алдыңғы болжам - 7.6%). Осы ретте Еуропалық комиссия да өз болжамдарын қайта қарап, енді Еуроодақта бағалардың өсімі 5.6% болады деп отыр. Бұған дейінгі болжамдық көрсеткіш 6.1% болатын. ЕО монетарлық реттеушісі әлі де мөлшерлемені көтермек ниетте. Өйткені «бағалар бұдан әрі тағы да өседі» деген қауіп бар. Мысалы, қазір энергия тасымалдаушыларды ЕО-ға жеткізудегі түсініксіз түйткілдердің себебінен жаңа қиындықтар туындап, баяулаған инфляцияны қайта үдетіп жіберуі мүмкін.

АҚШ-та инфляция қаңтардың қорытындысы бойынша бәсеңдеп, 6.4% деңгейінде қалыптасты (желтоқсанда 6.5%). Инфляция деңгейі 7 ай бойы біртіндеп төмендеп келеді. Бірақ қысымның әлсіреуі тым баяу жүруде (нарықтың күткені 6.2%). Энергия тасымалдаушылардың бағасы бұған дейін арзандап келсе, қазір қымбаттап барады. АҚШ-та тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағаларының үйлесімсіз қозғалуы елде инфляция әлі әлсірей қоймайтындығын білдіреді. Демек бұл ФРЖ-ның монетарлық саясатты одан әрі қатаңдатуға негіз болуы мүмкін.

Шикізаттар мен тауарларды жеткізу жағдайы жақсарып, тапсырыс берудің өсуі жеткізілім тізбегіндегі ғаламдық қысымның әлсіреуіне септігін тигізді.

Ішкі инфляция

2023 жылдың алғашқы айында тұтыну бағаларының жылдық өсімі 20.7%-ды (0.9% а/а) құрады. Тұтыну бағаларының индексі әр түрлі тауарларда бағалардың өсу қарқынының бәсеңдеуімен сипатталды:

- азық-түлік тауарлары – 25.7% (а/а 1.4%, бір ай бұрын 1.6%);
- азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 20.2% (0.9%, бір ай бұрын 1.3%);
- ақылы қызметтер – 14.2% (0.7%, бір ай бұрын 0.5%).

ҚРҰБ деректері бойынша халықтың медиандық инфляциялық болжамы 8 ай ішінде тұңғыш рет төмендеп, 17.3%-ды көрсетті. Бизнес өкілдерінің болжамы ҚРҰБ деректері бойынша 11.2%-дан 11.8%-ға дейін көтерілсе, ҚКҚ деректері бойынша керісінше 14.3%-дан 13.5%-ға дейін төмендеген.

Бұл жерде халықтың көңілінде «инфляция түсуі мүмкін» деген ойдың белең алуын олардың қазіргі материалдық жағдайды жағымды бағалауымен және оның одан әрі жақсаруын күтетіндігімен түсіндіруге болар. Бұл таяуда жалақының қайта индекстелгеніне және АЕК-тің көтерілгеніне байланысты болуы мүмкін.

Жалпы «инфляция әлі де өседі-ау» деген түйсіктің басым болуына азық-тауарларының қымбаттылығы негізгі себеп болып отыр.

Осы ретте базалық инфляция көрсеткішінің одан әрі үдей түсуі инфляцияның бәсеңдеу құбылысының тұрақты болатындығына сенімсіздікпен қарауға мәжбүрлеуде. Бөлшек сауданың өзгеру қарқыны бойынша статистикаға сәйкес 2022 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 2023 жылдың қаңтарында оның айтарлықтай қысқарғандығы байқалады (-50.6%). Ал 2022 жылдың сәйкес кезеңінде одан кем болған еді (-42.3%). Бұл өз кезегінде халықтың нақты табысының төмендеуі аясында тұтынушылық белсенділіктің бәсеңдеуінің прокси-индикаторына айналуы мүмкін. Ал халықтың нақты табысы 2022 жылдың қазанынан бері қысқарып жатыр.

Келесі 12 айға тұтыну инфляциясы және инфляциялық болжам

(%-бен, жылдық есепте)

Жыл	Ай	тұтыну инфляциясы, ж/ж	салмақтарды ескере отырып, ж/ж			деректер бойынша инфляциялық болжамдар		
			азық-түлік	азық-түлікке жатпайтын тауарлар	ақылы қызметтер	ҚРҰБ	ҚКҚ	JA*
2021	Желтоқсан	8.5	4.0	2.6	2.0		7.4	19.4
	Қаңтар	8.7	4.1	2.6	2.1	6.2	8.3	19.6
2022	Ақпан	12.0	6.3	3.3	2.4	11.4	8.7	19.7
	Наурыз	13.2	7.3	3.3	2.6	11.4	9.4	19.2
	Сәуір	14.0	7.7	3.6	2.7	13.8	11.7	18.8
	Мамыр	14.5	7.8	4.0	2.7	14.9	10.3	18.3
	Маусым	15.0	8.0	4.3	2.7	16.5	11.9	17.7
	Шілде	16.1	8.5	4.7	2.9	16.5	11.7	17.1
	Тамыз	17.7	9.0	5.1	2.6	16.9	12.5	16.5
	Қыркүйек	18.8	9.4	5.4	3.9	18.3	12.9	16.1
	Қазан	19.6	9.8	5.6	3.1	18.2	13.9	15.8
	Қараша	20.3	10.3	5.9	4.1	21.3	14.3	15.4
2023	Желтоқсан	20.7	10.6	6.1	4.0	17.3	13.5	15.0

* Болжамдар бағалардың t кезеңінде нақты өсу деңгейі мен Jusan Analytics-тің инфляция бойынша t+1 кезеңіндегі болжамдарының сарапталған мәні ретінде есептеледі


Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы, Jusan Analytics есептеулері, ҚКҚ, ҚРҰБ

Ішкі инфляция

3 графика: Тұтыну инфляциясы

(%-бен, айдың өткен айға қатысы)


Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



4 графика: Базалық инфляция²

(%-бен, жылдық тұрғыда)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



Ішкі инфляция: тауарлар

Азық-түлік өнімдері бағасының жылдық және айлық өсу қарқыны бәсеңдеп жатыр. Олардың жалпы инфляцияға қосар үлесі сәйкесінше 10.6% және 0.6%-ды құрады.

Барлық ірі азық-түлік топшалары, қант пен кондитерлік бұйымдарды қоспағанда, 2023 жылдың қаңтарының қорытындысы бойынша өсімнің бәсеңдегенін көрсетіп, 2022 жылдың бұған дейінгі айларына қарағанда ұстамды бола түсті. Барлық тамақ өнімдерінің бағалары өсіп жатыр. Бұл азық-түлік инфляциясында әзірге дефляциялық құбылыстың жоқтығына сәйкес келеді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі де бәсеңдеуде. Бұл ретте абсолютті дәрежеде айлық өсу қарқыны әлі де орташа тарихи мәндерден екі есе артық.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуінің тұтыну инфляциясына қосқан үлесі ж/ж 6.1%-ды (а/а 0.3%) құрады. Бағалардың айлық өсімінің бәсеңдеуі азық-түлікке жатпайтын тауарлар себетінің басым бөлігінде байқалды. 2023 жылдың қаңтарында тұрмыстық аспаптардың бағасы теріс бағытта өзгерді. Осы ретте дәрі-дәрмектердің, автокөліктердің және көмірлердің бағасы жалпы үрдіске қарамай үдеп барады.

Кітаптардың, кеңсе тауарларының, ойыншықтардың, жуғыш және тазартқыш заттар бағаларының өсу қарқынының бәсеңдеуін оның ішінде теңгенің рубльге қатысты нығаюымен және логистикалық тізбектердің біртіндеп реттеле бастауымен түсіндіріледі.

5 графика: Азық-түлік инфляциясының серпіні

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы


(%-бен, жылдық тұрғыда)



6 графика: Азық-түліктік емес инфляцияның серпіні

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы

(%-бен, жылдық тұрғыда)



Ішкі инфляция: қызмет көрсету

2022 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда сервистік инфляция аздап үдеді. Алайда ақылы қызмет бағасының өсу қарқыны өткен жылдың екінші жартысына қарағанда төмен (8 графика). Ақылы қызмет бағалары өсімінің тұтыну бағаларының жалпы деңгейінің өсіміне қосқан үлесі ж/ж 4.0%-ды (а/а 0.2%) құрады. Ақылы қызмет бағаларының өзгеруі тұтыну тауарлары бағаларының өсіміне қарағанда тым әртектілігімен сипатталады. Мәдени-ойын-сауық сипатта көрсетілетін қызметтердің көпшілігінің бағасы тоқырап тұр немесе төмендеп жатыр. Бұл тұтыну сұранысының қысқаруына септігін тигізеді.


2023 жылдың қаңтарының қорытындысы бойынша тұрғын үйді жалдау, қоқыс шығару, орталық жылыту, амбулаториялық көрсетілетін қызметтер бағалары, сондай-ақ темір жол көлігі тарифтері өсті.

Бұл ретте әуе жолдарымен жолаушы тасу бағасы керісінше түсті. Жыл басында авто сақтандыру және нотариалдық қызметтер бағасы күрт өсті. Өйткені шетелдік автокөліктерді заңдастыру акциясы басталды.

7 графика: Сервистік инфляцияның серпіні

(%-бен, жылдық тұрғыда)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



Өңірлік инфляция

Жылдық инфляция Қазақстанның өңірлеріне сәйкес 18.0-24.1% деңгейінде болды (9 графика).

Тұтыну бағаларының ең жоғары жылдық өсімі тағы да Маңғыстау облысында (тамақ өнімдері (31.6%) мен ақылы қызметтің (17.8%) еліміз бойынша рекордтық дәрежеде қымбаттауы есебінен) және Астана қаласында (азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны жылдық есепте еліміз бойынша ең тез өскендіктен) тіркелді. Ең төмен баға Алматы мен Атырау облыстарында байқалды (бұл өңірлерде тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасының өсу қарқыны орташа республикалық мәннен айтарлықтай төмен).

Өсу қарқыны бойынша максималды өңірлік шашырандылық азық-түліктік емес инфляцияда сақталуда. Мұның себебі Астанада бағалар өсімі айтарлықтай алға озып кетті.


Қазақстан өңірлерінің жартысында бағалардың жылдық өсу қарқыны бәсеңдеді. Бұл әсіресе Қарағанды, Түркістан, Қостанай, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында байқалды. Бұл ретте бәсеңдеу факторы бұл облыстардың әрқайсысында өз алдына ерекше болды.

Алматы мен Ақмола облыстарында және Астана мен Шымкент қалаларында тұтыну бағаларының өсуі бұған дейінгі аймен салыстырғанда керісінше айтарлықтай үдей түсті. Өйткені бұл өңірлерде барлық тұтыну тауарлары мен қызмет көрсету бағалары бір мезетте қымбаттап кетті.

8 графика: Өңірлік бөліністегі тұтыну инфляциясы

(2023 қаңтарының қорытындысы, %-бен)

Қазақстан Республикасы: 120.7



Жалпы республикалық бағалармен салыстырғанда өңірлердегі бағалар

Төмен



Жоғары

Автор: Айжан Әлибекова (A.Alibekova2@jusan.kz)

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz